

## ӘСКЕРИ КАФЕДРА

Әскери кафедрада оқу үшін студенттерді іріктеуді қабылдау жоспарына сәйкес конкурс негізінде жыл сайын іріктеу комиссиясы жүргізеді.

Әскери кафедрада оқу үшін конкурсқа қатысуға ниет білдірген студенттер осы Қағидалардағы 3-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша құжаттарды қоса бере отырып, 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті ресімдейді.

Конкурсқа қатысуға конкурс өткізілетін жылы 24 жастан аспаған студенттер жіберіледі.

Медициналық комиссияға жолдама алу үшін **Қарағанды қ., Юбилейная к-сі, 33, 204 кабинет** мекенжайы бойынша жеке өзі келуі қажет. Жұмыс режимі 9.00 - ден 16.00-ге дейін., түскі ас 12.00 - ден 13.00-ге дейін, сенбі-демалыс күні. №№ 1, 5 автобустармен «Амбулатория» аялдамасына дейін келуге болады. Өзімен бірге жеке куәлік және тіркеу куәлігі (ұлдар) болуы тиіс

Оқуға құжаттарды қабылдау 2023 жылдың 13 ақпанынан басталады.

Құжаттарды қабылдау іріктеу комиссиясының жұмысы басталғанға дейін 10 жұмыс күні бұрын аяқталады.

Медициналық куәландырудан өтпеген студенттер конкурсқа жіберілмейді.

Студенттердің дене дайындығы осы Қағидалардағы 4-қосымшаға сәйкес дене шынықтыру бойынша нормативтерді тапсыру нәтижелерімен бағаланады. Үш норматив тапсыру қосындысы бойынша 8 балл жинамаған студенттер конкурс кезеңінен өтпеген болып саналады.

Студенттерді кәсіби-психологиялық тестілеу ЖЖООКБ-ның компьютерлік сыныптарында жүргізіледі және ол ынталылық, күйзеліске төзімділік, сыни тұрғыдан және логикалық ойлау деңгейін тексеруді қамтиды.

Әскери кафедрада оқу үшін студенттерді іріктеу конкурсы төрт кезеңде жүзеге асырылады:

бірінші кезең-Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 373 бұйрығымен бекітілген ҚР ҚК-де әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларына және әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы Ережеге сәйкес медициналық куәландырудан өту;

екінші кезең-кәсіби-психологиялық тестілеуді өткізу;

үшінші кезең-дене шынықтыру дайындығын тексеру;

төртінші кезең- ЖЖООКБ басшысы жасайтын және бекітетін рейтингтік балдың есебіне сәйкес жүзеге асырылатын конкурстық іріктеу.

Конкурстың әр кезеңінен өтуге бір рет жол беріледі.

Запастағы офицерлерді даярлау бағдарламасы бойынша оқыту үшін құжаттар бірінші (4 жылдық оқумен) және екінші курс (5 жылдық оқумен) студенттерінен қабылданады.

Запастағы сержанттарды даярлау бағдарламасы бойынша оқыту үшін құжаттар бірінші, екінші (4 жылдық оқумен) және бірінші, екінші, үшінші курстардың (5 жылдық оқумен) студенттерінен қабылданады.

Әскери дайындық ЖЖООКБ -да оқу бітіргенге дейін бір жыл бұрын оқу-жаттығу жиынымен (кәсіптік практикамен) аяқталады.

## ВОЕННАЯ КАФЕДРА

Отбор студентов для обучения на военной кафедре проводится ежегодно отборочной комиссией на основе конкурса в соответствии с планом набора.

Студенты, изъявившие желание участвовать в конкурсе для обучения на военной кафедре, оформляют заявление по форме согласно приложению 2 с приобщением документов по перечню согласно приложению 3 к настоящим Правилам.

К участию в конкурсе допускаются студенты в возрасте не старше 24 лет на год проведения конкурса.

Для прохождения медицинского освидетельствования студенту **необходимо лично прибыть на военную кафедру**, чтобы получить направление на медицинскую комиссию по адресу: г. Караганда, ул. Юбилейная 33, кабинет 204. Режим работы с 9.00 до 16.00., обед с 12.00 до 13.00, суббота – выходной день. Проезд автобусами №№ 1, 5 до остановки «Амбулатория». При себе иметь удостоверение личности и приписное свидетельство (юноши).

Прием документов для обучения начинается с 13 февраля 2023 года.

Заканчивается прием документов за 10 рабочих дней до начала работы отборочной комиссии.

Студенты, не прошедшие медицинское освидетельствование, к конкурсу не допускаются.

Физическая подготовленность студентов оценивается результатами сдачи нормативов по физической культуре, согласно приложению 4 к настоящим Правилам. Студенты, не набравшие 8 баллов по сумме сдачи трех нормативов, считаются не прошедшими этап конкурса.

Профессионально-психологическое тестирование студентов проводится в компьютерных классах ОВПО и включает проверку уровня мотивированности, стрессоустойчивости, критического и логического мышления.

Конкурс для отбора студентов для обучения на военной кафедре осуществляется в четыре этапа:

первый этап – прохождение медицинского освидетельствования в соответствии с Правилами проведения военно-врачебной экспертизы и Положением об органах военно-врачебной экспертизы в ВС РК, утвержденными приказом Министра обороны Республики Казахстан от 2 июля 2015 года № 373;

второй этап – проведение профессионально-психологического тестирования;

третий этап – проверка физической подготовленности;

четвертый этап – конкурсный отбор, осуществляемый в соответствии с расчетом рейтингового балла, составляемым и утверждаемым руководителем ОВПО.

Прохождение каждого этапа конкурса допускается один раз.

Для обучения по программе подготовки офицеров запаса документы принимаются у студентов первого (с 4-х годичным обучением) и второго курсов (с 5-ти летним обучением).